



### Түсінік хат

Перспективалық жоспар сөйлеу тілі тежелген балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған.

Перспективалық жоспар сөйлеу тілі тежелген балалардың сөйлеу тілінің даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің барлық компоненттерін кешенді дамыту арқылы балалардың сөздік қорын молайту, фонематикалық есту қабілетінің алғышарттарын қалыптастыру, сөйлем құрылымын кезең-кезеңімен күрделендіру және қарым-қатынасқа белсенді араласуға дағдыландыру.

Міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: Лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздікті кеңейту, нұсқауларды түсіну, қарапайым грамматикалық құрылымдарды (жекеше/көпше, септік формалары) ажырату, кеңістік қатынастарын («үстінде», «жанында», «астында», «артында») меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу: Екі-үш буынды сөздерді айту, заттар мен әрекеттерді атау, сын есімдерді қолдану, қысқа сөйлемдер құрастыру, сұрақтарға қысқа жауап беру, ересекпен басталған сөйлемді аяқтау.
- Байланыстырып сөйлеу: Сурет бойынша сөйлем құрастыру, тұрмыстық әрекеттерді сипаттау, тақпақтар мен қарапайым өлеңдерді жаттау, қысқа әңгімелерді мазмұндау.
- Фонематикалық түсініктер: Дыбыстарды естіп ажырату, тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеу, жануарлар мен адамдардың дауысын тану, дыбыстардың ретін есте сақтау.
- Коммуникативтік дағдылар: Сыпайылық формулаларын («сәлем», «қош бол», «рахмет») меңгеру, ым-ишара мен мимика арқылы эмоцияны білдіру, қарапайым диалог жүргізу, өтініш пен алғысты сөзбен жеткізу.

Бағдарламаның құрылымы:

Жоспар екі кезеңнен тұрады: I жартыжылдық (қыркүйек–желтоқсан): сөздік қорды кеңейту, жекеше және көпше түрді меңгеру, қарапайым сөйлемдер құрастыру, дыбыстарды ажырата білу, қарапайым сұрақ-жауап үлгілерін қолдану.

II жартыжылдық (қаңтар–мамыр): меңгерген білім мен дағдыларды бекіту, сөйлем құрылымдарын күрделендіру, өткен шақ формаларын қолдану, қарапайым диалог пен әңгіме құрастыру, сөйлеудің ритмикасы мен интонациясын жетілдіру.

*Күтілетін нәтижелер:*

Жыл соңында балалар:

- қоршаған ортадағы заттар мен әрекеттерді сөзбен атай алады;
- 2–4 сөзден тұратын сөйлемдер құрайды;
- сын есімдер мен үстеулерді сөйлем ішінде қолданады;
- нұсқауларды түсінеді және орындайды;
- дыбыстарды, буындарды ажыратып айта алады;
- қысқа тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтады;
- сұрақтарға жауап береді және сұрақ қояды;
- құрдастарымен және ересектермен қарапайым диалог жүргізеді;
- эмоцияны сөзбен, мимика және ым-ишара арқылы білдіреді.

Бағдарлама логопед, педагог, психолог және ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Айы	апта	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекет	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	1-2 апта	Диагностика	<b>1-15 қыркүйек аралығында кешелі диагностикалау</b>
	3 апта	Импрессиивті және экспрессиивті сөйлеу тілін дамыту	- «Отбасы» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - қолжетімді лексикалық тақырыптар бойынша енжар сөздікті жинақтау;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- балаларға қарым-қатынас орнатушы сұрақтарды түсінуді үйрету;
	4 апта	Импрессиивті және экспрессиивті сөйлеу тілін дамыту	- «Ойыншықтар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - қысқа сөйлемдермен, сөз тіркестерімен, сөздермен ересектердің сөйлеуіне еліктеу қажеттілігін тудыру; - егістіктер сөздігін кеңейту;
Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту		- балаларға қарым-қатынас орнатушы сұрақтарды түсінуді үйрету;	
Қазан	1 апта	Импрессиивті және экспрессиивті сөйлеу тілін дамыту	- «Күз» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестендіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуы қалыптастыру;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- дыбыстың орнын және оның бағытын анықтай алу білігін қалыптастыру;
	2 апта	Импрессиивті және экспрессиивті сөйлеу тілін дамыту	- «Қоқөкістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - анық буынды бір буынды сөздерді айта алуы дамыту;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- дыбыстың орнын және оның бағытын анықтай алу білігін қалыптастыру;
	3 апта	Импрессиивті және экспрессиивті сөйлеу тілін дамыту	- «Жемістер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;

			<ul style="list-style-type: none"> <li>- ашық буынды бір буынды, екі буынды сөздерді айта алуды дамыту;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын түсіне алуды дамыту: таңдану, тәнті болу, өкіну интонациясы, қарапайым эмоция, ым-ишара, қимылқозғалыс және мимика бар сұрақтар интонациясы;</li> </ul>
	<b>4 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Бақ мен бақша» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- ашық буынды бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздерді айта алуды дамыту;</li> <li>- етістіктер сөздігін кеңейту;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын түсіне алуды дамыту: таңдану, тәнті болу, өкіну интонациясы, қарапайым эмоция, ым-ишара, қимылқозғалыс және мимика бар сұрақтар интонациясы;</li> </ul>
	<b>5 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Орман. Саңырауқұлақ» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- «ма, ме» демеулік шылауларын пайдаланып болымды және болымсыз етістік бұйрықтарын дифференциациялау;</li> <li>- дыбысталап жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дыбысталап жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту;</li> </ul>
<b>Қараша</b>	<b>1 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Үй жануарлары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- өзінің есімін, топтағы балалардың, туғандарының есімдерін, лексикалық тақырыптар бойынша заттарды атай алуды дамыту;</li> <li>- етістіктер сөздігін кеңейту;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дыбысталап жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту;</li> </ul>
	<b>2 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Жабайы аңдар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- «үстінде» және «қанында» үстеулерін қолдануды үйрету;</li> </ul>

	<b>3 апта</b>	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- қолмен еліктеу жимыл-қозғалыстарын орындай алуға үйрету; иммишарамен сәлемдесу немесе қоштасу;
		Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	- «Үй құстары» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - «үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету;
	<b>4 апта</b>	Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- қолмен еліктеу жимыл-қозғалыстарын орындай алуға үйрету; иммишарамен сәлемдесу немесе қоштасу;
		Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	- Өтілген лексикалық тақырыптар бойынша сөздік қорын молайту; - заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен түсін атай алуға дамыту; - қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;
<b>Желтоқсан</b>	<b>1 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	- «Қыс» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - заттарды сипаттау үшін сын есімдердің көмегімен көлемін атай алуға дамыту; - қарапайым сұрақтарға жауап бере алуға оқыту;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеуге оқыту.
	<b>2 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	- «Қыстайтын құстар» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту; - сұрақтар бойынша сөз тіркестерін құрастыра алуға қалыптастыру: «Қысқай?»; - зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырата алуға дамыту;
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	- тілдік және тілдік емес дыбыстарға еліктеуге оқыту.
	<b>3 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	- «Дене мүшелері» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;

			<ul style="list-style-type: none"> <li>- жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: «бастауыш+баяндауыш», «бастауыш+толықтауыш+баяндауыш»;</li> <li>- «үстінде» және «жанында» үстеулерін қолдануды үйрету;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- интонация: ым-ишараға және мимикаға сәйкес, балаларға қолжетімді вербалды құралдарды белсендендіру.</li> </ul>
	<b>4 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- жанама септіктер сұрақтарын түсінуді қалыптастыру;</li> <li>- суреттер бойынша сөз тіркестерін сын есім + зат есім; зат есім+етістік сызбалары бойынша құрастыруды үйрету;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- интонация: ым-ишараға және мимикаға сәйкес, балаларға қолжетімді вербалды құралдарды белсендендіру.</li> </ul>
	<b>5 апта</b>	Импрессивті және экспрессивті сөйлеу тілін дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «Аяқ киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;</li> <li>- заттық және сюжеттік суреттер бойынша қарапайым сұрақтарды түсінуді балаларға оқыту;</li> <li>- кішірейткіш-еркелету мәніндегі зат есімдерді құрастырып жасауға арналған жаттығу; зат есімдермен «менікі» есімдігін келістіруге арналған жаттығу;</li> </ul>
		Сөйлеу әрекетін белсендіру және тілдің лексико-грамматикалық құрылымдарын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> <li>- интонация: ым-ишараға және мимикаға сәйкес, балаларға қолжетімді вербалды құралдарды белсендендіру.</li> </ul>

Логопед: Сермағамбетова Ш.М.